

Тауарларды жеткізу туралы шарт № 6

Степногорек қ.

09 ақпан 2021 ж.

Степногорек қаласының білім бөлімінің жанындағы "№ 5 "Еркетай" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Ақмола облысы білім басқармасының Степногорек қаласы, Бұдан әрі Тапсырыс беруші, бір тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін Подолько Надежда Борисовна меңгерушісі атынан және екінші тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін "Тандем" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан В. В. Марчук, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру Қағидаларының 174-тармағы негізінде әрекет ететін, сондай-ақ Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тауарларды жеткізу туралы осы Шартты (бұдан әрі - шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Шарттың маңі

1.1. Өнім беруші техникалық тапсырманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді;

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен онда желісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізбесі;
- 3) техникалық тапсырма;
- 4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (форс-мажор)" - төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың нарықта болмауы жатпайды;

2) "Тапсырыс беруші" - орган немесе орта білім беру ұйымы;

3) "Өнім беруші" - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

4) "Шарт" - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және талқылауларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

5) "Шарттың бағасы" - Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлейтін сома;

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік алмайды.

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы 75000 (Жетііс бес мың) теңгені құрайды және Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымшарды, оның ішінде ҚҚС 8035,71 (Сегіз мың отыз бес) теңге 71 тиын қосқанда.

2.2. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің шартпен ала өтінімі бойынша жүзеге асырылады. Жеткізу және түсіру жеткізушінің есебінен жүзеге асырылады.

2.3. Жеткізілген тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Жеткізушінің есебі шотына яқина қаражатын аудару жолымен жүргізеді.

2.4. Сандық және құндық жамадағы жеткізілетін тауарлар көлемі техникалық тапсырмада келтірілген.

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Өнім беруші:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тауарлардың конкурстық құжаттамда, техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктке тасымалдау кезінде оларды бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын арауышын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Арауыш қандай да бір нөктелерсіз қарқынды хөтергіш-көліктік өңдеуге және тасымалдау, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температуралардың, тұщар мен жауын-шашынның әсеріне төзуі тиіс.

Оралған жәһіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктіннің алыстығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының болуын тексеру қажет.

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші шартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашылауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс.

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуга;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған келтірілген зағалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтуге;

8) тауарларды қабылдау-тапсырау актісін ресімдеу және Тапсырыс берушіге жіберуге;

9) Тапсырыс беруші тауарды(ларды) беру актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанша шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанша шот-фактураларды жазып беруге міндеттенеді.

3.2. Өнім беруші Тапсырыс берушімен Шарт бойынша жеткізілген Тауар үшін төлемді талап етуге құқылы.

3.3. Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің міндеттемелерін қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдау кезінде оны қабылдамаудың дәлелді несіздемелерін көрсете отырып, тауарды қабылдауға не қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді. Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші не сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды(ларды) беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанша шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші электрондық нысанша жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге құқылы.

4. Тауарлардың техникалық тапсырмаға, конкурстық өтініште сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген тауарлардың конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне бақылау және тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өлдерінің өкілдері туралы уақытлы жазбана түрде хабардар етуге тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімде көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер жеткізілген тауарлар тексеру кезінде конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші тексеру сәтінен бастап "сәйкессіздіктерді жою мерзімі" ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз конкурстық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4.4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру Өнім берушінің аумағында, жеткізу орнында және (немесе) тауарлардың түпкі межелі пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің аумағында өткізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз өндірістік шартатқа қол жеткізуді көрсеткенде, барлық қажетті қаражат берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

4.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5. Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1. Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге толық берген жағдайда жеткізу техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді деп есептеледі.

5.2. Осы Шарттың 5.1-тармағындағы талаптар сақталған жағдайда, Өнім берушінің Тауарды қабылдау-қабылдау актісін Тапсырыс берушіге жіберген күні Тауарды қабылдау/қабылдау күні болып есептеледі.

6. Кепілдік. Сана

6.1. Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт драмасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулытары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2. Сатып алынатын тауарлардың тізбесіне және техникалық тапсырмаға сәйкес Тауардың жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарды орауынты ашу сәтінде қандай да бір жасырын зауыттық ақаулар анықталған жағдайда немесе егер Тауардың сапасы дайындаудың техникалық шарттарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күн мерзімде жариямалық акт жасайды, ал Өнім беруші күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде және өз есебінен Тауарды жаңасымен алмастырады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестрлеу және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорынның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның қолма-қол ақшаны бақылау шотында акция жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта көрсетілген мерзімде өзіне тиесілі қаражатты төлемесе, онда Тапсырыс беруші кешіктірілген әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3. Тауарды жеткізу мерзімі кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда әрбір мерзімі өткен күн үшін орындамаған міндеттемелер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбын (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.4. Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуда құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарлы осы Шартты көздеген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық құрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

7.7. Өнім беруші қалайша да, ишінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8. Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

7.9. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кеңілдік ақналай жарнаға түсетай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.10. Өнім беруші қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Жосықсыз өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру қағаздарына сәйкес өнім берушінің міндеттемелерді бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушінің башаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді жосықсыз жеткізуші деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзу талаптары

8.1. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

8.2. Шарт тиісті қаржы жылына аяқталған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде екі рет кейінгі қаржы жылдарына ұзартылады.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, қолданылатын шартқа қосымша келісім жасалады.

8.3. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жағдайға хабарлама жібере отырып, Шарттың талаптарын орындаудан кел келген уақытта біржақты тәртіппен бас тарта алады. Мұндай жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші, егер Шарт талаптарын орындаудан бас тарту Тапсырыс берушіге заңал келтірмесе немесе іс-әрекеттер жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттеме алмайды.

8.4. Шарт талаптарының бұзылуы үшін қандай да бір санкцияларға тиім келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауір жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса, толық немесе ішінара бұза алады;

8.5. Шартта мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) осы Шарт негізінде жасалған осы Қағидаларда көзделген шектеулерді бұзу анықталған;

2) ұйымдастырушы, бірінші ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

3) уәкілетті орган конкурс қорытындыларына (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім) бапал еткен конкурстық рәсімдерді текізу кезінде бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда, Шарттың кез келген уақытта бұзылуы туралы талапты қабылдау тиіс және міндеттемелер тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың актілеріне сәйкес 10 жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазымен шарт жасалады.

8.6. Шарт талаптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін. Хабарламада шартты бұзу себебі көрсетілген күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетіледі.

Шарттың күші жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылғанда, Өнім беруші Шарт бойынша бұтуға байланысты нақты шығындар үшін, бұзу күшіне ақы төлеуді талап етуге құқылы.

9. Хабарлама

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Форс-мажор

10.1. Егер Шарт міндеттемелерінің орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар аның толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен босамайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұтуға жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сияқтығы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар міндеттерді қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың басымалы тәсілдерін іздтейді.

11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша даулы шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қаражатан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12. Өңге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасалу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Өнім берушінің тапшыуы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі жағдайында және басқа да жағдайларда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта көрсетілген қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермеуі жағдайында жеткізілетін тауарлар көлемінде қажеттілігін азайтуға немесе артуына байланысты Шарт сомасын азайту не ұлғайту болғанда;

2) егер Өнім беруші онымен жасалған Шартты орындау процесінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында неғұрлым жақсы сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды не тауарларды жеткізу мерзімдерін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда;

3) тараптардың өзара келісімі бойынша тауарлардың бағасын және тиісінше Шарттың сомасын азайту болғанда жол беріледі.

12.4. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілінде жасалады.

12.5. Шартта реттелмеген басқақ Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші

Өнім беруші

"Ақмола облысы білім басқармасының
Степногорек қаласы бойынша білім
бөлімінің жаһандағы Степногорек
қаласының "Еркетай" № 5 балалық бөлімшесі"
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Ақмолинская область,
г.Степногорек, МИКРОРАЙОН 6, 5
БСН 080140019157
БСК TSESKZKA
ЖСК KZ59998E FB0000003230
АО «First Heartland Jysan Bank»
Тел: +7 716 45 25100



Н. Б. Подолько

ЖШС «Тандем»
Степногорек қ., 9 н/а, 18 үй
БСН 98104002803
ЖСК KZ 53998 ETB 00000 12553
СТН 031600008853
БСК TSESKZKA
АК «First Heartland Jysan Bank»
тел: 8 (716 45) 2-14-14



В. В. Марчук

Сатып алынатын тауарлар тізімі

№	Талсырыс берушінің атауы	Тауарлар (жұмыс, қызмет) атауы	Өлшем бірлігі	Саны, келемі	Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету мерзімі	Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету орны	Бірліктегі бағасы, теңге	Мемлекеттік сатып алуға бөлінген соммасы, теңге
1	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінде жаңыданғы Степногорск қаласының "Еркетай" №56 мектепке-гимназиясы мемлекеттік коммуналдық қолдануындағы кәсіпорны	Тұрағұн (19)	шт	100	Талсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б.ш/а. нөмір 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	750	75000
БАРЛЫҒЫ								75000

Менгеруші Н.В. Подолько



Күні 09 ақпан 2021 жыл

М.О.

(колы)

Өнім жеткізуші Э.В. Марчук



Күні 09 ақпан 2021 жыл

М.О.

(колы)